

Бекітілді

Басқарма шешімімен

2021 жылғы «03» қыркүйектегі №70 хаттама

Өзгертулер Басқарма шешімімен бекітілді

2024 жылғы «03» мамырдағы №52 хаттама,

2025 жылғы «17» қаңтардағы №05 хаттама

## КЕШЕНДІ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

### I-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кешенді банктік қызмет көрсету туралы шарт (әрі қарай - Шарт) «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамының, әрі қарай «Банк», Қазақстан Республикасының заңнамасына (әрі қарай - ҚР) және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілеріне (жеке кәсіпкер) (әрі қарай - Клиент) жататын жеке тұлғаларға қызмет көрсетудің стандартты шарттарын белгілейді, сондай-ақ Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауаптылығын, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде белгіленгендей) белгілейді.

Шартта Клиент пен Банк бірлесіп «Тараптар» деп, жеке «Тарап» деп аталады.

Шарттың аясында төмендегі банктік қызметтер көрсетіледі:

- қол жеткізу құралы кредит лимиті бар дебет карточкасы болып табылатын ағымдағы шотты ашу және қызмет көрсету;
- кредит лимиті бар дебет картасын шығару және қызмет көрсету (әрі қарай – Төлем карточкасы).

Шарттың талаптары барлық Клиенттерге бірдей және Кешенді банктік қызмет көрсету туралы шартқа (әрі қарай - Шарт) осы Шартқа қосымша Қосылу туралы өтінім (әрі қарай - Қосылу туралы өтінім) және ҚР заңнама талаптарына қайшы емес кез келген тәсілде ұсыну/растау жолымен Банктің ресми сайтында орналастырылған банктік операцияларды жүргізу, банктік шоттарды және төлем карточкаларын ашу, жүргізу және жабу жөніндегі Жалпы шарттары (әрі қарай – Жалпы шарттар) негізінде Клиенттің бүтіндей осы Шартқа қосылу жолымен қабылдайтын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын Қосылу шарты болып табылады, осыған қоса, бірақ онымен шектелмей:

- жазбаша қағаз тасымалында;
- электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат түрінде;
- Банкпен белгіленетін ҚР заңнамасына қайшы емес қорғаныс әрекеттерінің элементтерін қолданумен кез келген өзге тәсілде.

Бұл ретте, Жалпы шарттар мен қабылданған Қосылу туралы өтінім осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.2. Қосылу туралы Өтінімге қол қоя отырып, Клиент төмендегілерге келіседі және растайды:

- 1) Клиент қандай-да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз Шарттың талаптарын оқыды, түсінді және толық қабылдады, Шарттың талаптарын уақытында және толық

көлемде орындауға міндеттенеді, оларды орындамаудың және/немесе тиісті орындамаудың жағымсыз салдарларын түсінеді және қабылдайды;

- 2) Шартта Клиент үшін оның ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып қабылдамайтын қандай-да бір ауыртпалық талаптары жоқ;
- 3) Клиент, егер Банкте Клиентпен қол қойылған Шартта көрсетілген кез келген тәсілде Қосылу туралы өтінім болса, ол Шартты оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағаны сияқты дәлел ретінде Шартта оның қолының жоқтығына сілтемеге жасауға құқығы жоқ;
- 4) Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік-қалауына толық сәйкес келеді;
- 5) Клиент Шарт жасасуға және Шартта көрсетілген банк қызметін алуға қажетті барлық тәртіпті сақтаған;
- 6) Шарт жасасу және оның шарттарын орындау, оның ішінде банктік шот ашу, төлем карточкасын шығару мен қызметі ҚР заңнамасының кез келген нормасын және/немесе Клиентке қолданылатын заңнаманың бұзылуына әкеп соқпайды;
- 7) төлем карточкасын шығару/бұғаттау/қайта шығару/қызмет көрсету, банк шотын ашу/жүргізу/жабу сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы Байланыс арналарымен (оның ішінде Клиенттің Банк серіктестері арқылы хабарласуымен) жүргізіледі және Клиенттің куәландырылған қолы қойылған жазбаша жүгінуімен бірдей деп есептеледі;
- 8) төлем карточкалары, Банктің Шарт аясында шығарған оларға дербес сәйкестендіру номерлері, сондай-ақ Шоттың деректемелері алынды, тексерілді, ескертулер мен толықтырулар жоқ;
- 9) Клиент Банктің уәкілетті өкілінің өз қолтаңбасымен бірдей деп танылатын Өтінімдерге, Үзінді-көшірмелерге, анықтамаларға, шарттарға және т.б. қол қойған/белгі қойған кезде Банктің қолтаңба көшірмесіне факсимильді құралдарды пайдалануына келіседі;
- 10) Клиент Банктің өтінімдерге, үзінді-көшірмелерде, түбіртектерге, анықтамаларға және т.б. қол қойған/белгі қойған кезде электрондық нысандағы мөрді пайдалануына келіседі;
- 11) Клиент Банк қызметкерінің суретке түсіргеніне және ҚР заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттің суретін әрі қарай пайдалануына келіседі;
- 12) Жалпы шарттармен және Тарифтермен танысты, олардың мөлшерімен, оларды өзгерту тәртібімен келіседі;
- 13) ол туралы кез келген заңды әрекеттегі бюродан, деректемелер базасынан және ақпараттың өзге көздерінен ақпарат алуға (Банкте ашқан оның ағымдағы шотын ашу, жүргізу және қызмет көрсету, оның ішінде (шектелместен) кредит лимитін ұсынуды және Овердрафт алуды реттейтін Шарттың аясында); егер мұндайлар уәкілетті органдардың мемлекеттік деректер базасына (жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер базасы (әрі қарай – ЖТМДБ және т.б.) енгізілетін және пайдаланылатын болса, олардың өзгерісі (аты-жөні, мекенжайы, Клиенттің дербес деректеріне жататын өзге мәліметтер) жағдайында Банктің оның дербес деректерін түзетуіне;
- 14) Банктің онымен келісімдерге, шарттарға, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарын қолданумен барлық басқа қосымша құжаттарға қол қоюға;
- 15) барлық заңды көздерден (кредит бюросы, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҰАҚ, ЖТМДБ және т.б.) ол үшін Банктің ол туралы (оның дербес деректерін қоса) құпия

- ақпарат алуы қажет скоринг өткізуге және Банктің көрсетілген ақпаратты пайдалануға;
- 16) Банктің алдын-ала скоринг өткізуіне және Банктің оған Банктің кредит өнімдері бойынша оның Банк немесе Банктің филиалы орналасқан жеріне жүгінбестен ұсыныстар беруіне, кез келген уақытта, оның ішінде (шектелместен) оның атына/ол үшін төлем картасын шығаруға, сонымен қатар Банктің басқа өнімдерді ұсынуына;
  - 17) Банктегі қаржы және мүліктік сипаттағы өзге де міндеттемелеріне қатысты, және алдағы уақытта да келіп түсетін, ақпарат ұсыну туралы шарт ол туралы кредит бюросына ақпарат ұсынуға;
  - 18) оның қаржы және мүліктік сипаттағы өзге міндеттемелеріне қатысты ол туралы ақпарат алуға, ақпарат алу туралы Банк шарт жасасқан кредит бюросынан алдағы уақытта келіп түсетін ақпаратты қоса;
  - 19) ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабымен көзделген Банктің оның жеке зейнетақы шотындағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және өзге қорлардан және/немесе «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҰАҚ-нан, оның ішінде кредит бюросы арқылы, ақпарат алуына;  
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және өзге зейнетақы қорларының және/немесе «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҰАҚ-ның және зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері, зейнетақы мен жәрдемақы төлейтін қызметті жүргізетін және болашақта тікелей Банкке немесе кредит бюросы арқылы келіп түсетін ақпаратқа ие, басқа да заңды тұлғалардың ақпарат ұсынуына;
  - 20) дербес, биометрикалық және/немесе өзге деректерді жинауға, өңдеуге, осы деректерді үшінші тұлғаларға, олардың агенттеріне және өзге уәкілетті тұлғаларға ашуға, осы деректерді кредит бюросына беруге;
  - 21) Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасынан ақпарат алуына, оның ішінде кредит бюросы арқылы;
  - 22) мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасының операторларынан/иелерінен, кредит бюросынан ол туралы мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасынан ақпарат алуына;
  - 23) ҚР Үкіметінің шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүргізетін осы заңды тұлғаға тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ол туралы барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасының иелерінің ол туралы ақпарат ұсынуына – кредит бюросы мен Банкке кредит бюросы арқылы ол туралы ақпаратты және алдағы уақытта келіп түсетін ақпаратты ұсынуға;
  - 24) оның дербес деректеріне қатысты ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға, оның ішінде ол туралы ақпаратты барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға, егер бұл ҚР заңнамасына қайшы келмесе, ұсынуға. Ол туралы дербес мәліметтер болып оған қатысты, Банкпен бекітілген Дербес деректер Тізіліміне енгізілген электрондық, қағаз және (немесе) өзге тасымалдаушыда белгіленген барлық мәліметтер табылады;
  - 25) Клиент Шартпен көзделген тәртіпте Банктің/Банк бөлімшелерінің қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы Сәйкестендіру тәсілін қолданумен (оның ішінде пайдаланушының бірегей сәйкестендіру мен паролі (ЭЦҚ, КСДИ, QR-код, USSD/SMS-хабарлама, пароль, Растау коды) Қосылу туралы өтінімге қол қоюға келіседі. Сәйкестендіру тәсілін қолданумен аталған Өтінімдерге қол қою Тараптармен олардың ерік-қалауының мәнін білдіретін жазбаша нысанда жасалған мәміле ретінде қаралады;

- 26) Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) ресми сайтында орналастырылған банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасқан Жеке тұлға-клиентке арналған кепілдендірілген өтеудің мерзімі мен тәртібі туралы хабарлама нысанымен, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне Қатысушы банктің куәлігімен танысты.
- 1.3. Банк Қосылу туралы өтінім акцептін Банктің талаптарына және ҚР заңнамасына сәйкес Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) ресми сайтында орналастырылған құжаттар тізіліміне сәйкес қажетті құжаттарды алу шартында жасайды (қабылдайды).
- 1.4. Банкпен көрсетілетін қызмет аясында Банкпен Клиенттен қабылданатын барлық мәлімдемелер, өтінімдер, егер қосымшада, мәлімдемелерде, өтінімде өзгедей ескерілмесе, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## II-ТАРАУ. ТЕРМИНДЕР МЕН ҮЙҒАРЫМДАР

2.1. Шартта төмендегі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) **Авторизация** – Банктің Төлем карточкасын пайдаланумен төлем жүргізуге рұқсаты. Авторизацияны алу тәртібі Төлем карточкалары жүйесіне қатысушылар арасында жасасылған шарттарға сәйкес белгіленеді;
- 2) **Аутентификатор** - Клиенттің жеке басын және (немесе) операцияның түпнұсқалығын растайтын құпия мәліметтер, қайталанбас заттар немесе олардың комбинациялары, яғни аутентификациялау;
- 3) **Аутентификация**, оның ішінде көпфакторлы аутентификация – клиенттің оған ұсынған идентификаторға тиістілігін тексеру, сондай-ақ операцияның түпнұсқалығы мен дұрыстығын, аутентификатордың Клиентке берілген идентификаторға сәйкестігін тексеру жолымен қауіпсіздік тәртібі талаптарына сәйкес Электрондық құжаттың жасалуын растау;
- 4) **Банкомат** – Клиентке қолма қол ақша алуға және Төлем карточкасын пайдаланумен Банктің басқа да қызметін алуға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 5) **Биометрия** – бір немесе бірнеше физикалық немесе мінез-құлық белгілері бойынша адамдарды тану жүйесі;
- 6) **Биометрикалық сәйкестендіру** – аутентификатор ретінде Клиенттің биометрикалық параметрлері қолданылатын аутентификация тәртібі;
- 7) **Биометрикалық деректер** – соның негізінде оның жеке басын анықтауға болатын субъектінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер;
- 8) **Төлем карточкасын бұғаттау** – Төлем карточкасын пайдаланумен төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізетін, оның ішінде ҚАБП/банкоматтардан қолма қол ақша шешуге, толық немесе жартылай тыйым салу;
- 9) **Банктің ішкі құжаттары** – өзінің қызмет міндеттерін орындау кезінде банкішілік қатынастарға қатысушылардың сақтауы/қолдануы үшін міндетті және қайталанып қолдануға есептелген мінез-құлық нормаларын (ережелерін) белгілейтін, өзгертетін немесе тоқтататын Банктің уәкілетті органдарымен/тұлғаларымен бекітілген құжаттар;
- 10) **Сыйақы** – Банктің Овердрафты (болса) пайдаланғаны үшін есептейтін пайыздары, сондай-ақ ҚР заңнамасымен, Шартпен және Тарифтермен көзделген тәртіпте Клиенттің Банкке төлейтін комиссиялық сыйақы сомасы;

- 11) Үзінді-көшірме** – төлемдер және (немесе) ақша аударымдары және өзге операциялар туралы, оның ішінде Шартқа сәйкес Төлем карточкасын пайдаланумен жүргізілетін, ақпаратты қамтитын құжат;
- 12) Төлем карточкасын беру** – Банктің Клиентке Төлем карточкасын және оған Дербес сәйкестендіру номерін беру және (немесе) оның деректемелері туралы ақпарат ұсыну процесі;
- 13) Дебет карточкасы** – оның ұстаушысына Клиенттің Шотындағы ақша сомасы шегінде төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізу мүмкіндігін беретін төлем карточкасы;
- 14) Іскерлік қатынастар** – Клиенттердің және Банктің банктік қызмет жүргізу барысында туындайтын қатынастар;
- 15) Карточка Ұстаушы** – атына Төлем карточкасы шығарылған жеке тұлға (оның ішінде заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің уәкілетті өкілі);
- 16) Кредит лимитін ұсыну және овердрафт алу шарты (әрі қарай - Кредит лимитін ұсыну шарты)** – Тараптардың кредит лимитін және мерзімділік, төлемділік, қайтарымдылық және қамтамасыздық (болса) шарттарында Овердрафты алу, Қарыз алушыға Овердрафт ұсыну жолымен ақша беру шарттарын нақтылайтын (белгілейтін) келісімі;
- 17) Қосымша үзінді-көшірме** – Клиенттің сұрауы бойынша кез келген есептік кезеңге Банкпен құрастырылатын Шоттың үзінді-көшірмесі, соңғы аяқталған есептік кезеңді қоспағанда;
- 18) Қолжетімді қаражат** – пайдаланылмаған кредит лимитінің және/немесе Клиенттің Шоттағы меншік қаражаты сомасы;
- 19) Берешек** – қарыз операцияларының сомасы, негізгі борыш сомасын, есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, овердрафт сомасын, комиссияларды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздықтарды, төлемдерді және Шарттың және/немесе сол немесе өзге нақты күнге кредит лимитін ұсыну шартының шарттары бойынша Клиенттің Банкке төлеуге жататын өзге де төлемдерін қоса;
- 20) Қарыз алушы**– мерзімділік, төлемділік, қайтарымдылық және қамтамасыздық шарттарында Овердрафт берілген Клиент (егер Овердрафт бойынша қамтамасыздық кредит лимитін беру шартының шарттарымен көзделген болса);
- 21) Өтінім** – қағаз тасымалындағы, оның ішінде негізінде Клиентке Шартпен көзделген банктік қызмет көрсетілетін Банктің қашықтықтан қол жеткізу жүйесі арқылы электрондық түрде құралатын құжат, Клиентке кредит өнімдерін ұсынуды қоспағанда;
- 22) Қосылу туралы өтінім** – соның негізінде Клиентке Төлем карточкасы берілетін және Кредит лимиті белгіленетін жеке кәсіпкердің Кешенді банктік қызмет көрсету шартына, Кредит лимитін ұсыну шартына және Банктің бекітілген нысандағы талаптарына сәйкес Клиент Банктің қолжетімді сәйкестендіру тәсілін пайдаланумен қағаз тасымалында/электрондық түрде өз қолымен қол қоятын Жалпы шарттарға Өтінім;
- 23) Идентификатор** – оны басқа клиенттерден ерекшелендіретін, яғни анықтайтын, Клиенттің бірегей белгісі;
- 24) Идентификация** – Клиентті тіркелген идентификаторлардың тізілімі бойынша ұсынылған идентификатормен салыстыру;

- 25) Төлем карточкасын алу** – Банктің Төлем карточкасын жарамсыз деп тануы, оны айналымнан алу және жою;
- 26) Интернет-банкинг** – Банктің Клиентке Интернет арқылы қашықтықтан электрондық банктік қызмет көрсету технологиясы;
- 27) Интернет-дүкен** – қашықтықтан қызмет көрсетуге негізделген бизнестің мамандандырылған және сатушыға және сатып алушыға Интернет желісі арқылы тауардың сол немесе өзге түрін сатып алу-сату бойынша мәміле жүргізу түрі;
- 28) Байланыс арнасы** – Клиент пен Банк арасындағы ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық почта (email), почта байланысы, мобильді қосымша, интернет-банкинг, телебанкинг, КСДИ, QR-код, USSD/SMS-хабарлама, телефон, банкомат, POS-терминал, терминал, Банк бөлімшесі, жеке кабинет, интернет-бөлімше және клиент туралы мәліметтер негізінде сәйкестендірумен өзге де интернет-ресурстар;
- 29) Карточкалық операция** – Клиенттің Төлем карточкасы немесе операция деректемелері арқылы (Карточканың номері мен жарамдылық мерзімі және өзге де деректемелер) ҚТП тауарлар мен қызметтерге қолма қол ақшасыз төлем жүргізуі, сондай-ақ ҚР заңнамасымен, ХТЖ ережелерімен, халықаралық банктік тәжірибемен көзделген өзге де операциялар;
- 30) Клиент** – осы Шартқа және Қосылу туралы өтінім негізінде Кредит лимитін ұсыну шартына қосылған жеке кәсіпкерлік (жеке кәсіпкер) субъектілеріне жататын жеке тұлға;
- 31) Растау коды (код)** – Клиенттің жүргізетін қызмет/операция түрін және параметрлерін растайтын біржолғы цифрлық код. Банк Клиенттің Өтінімде көрсеткен телефон номеріне SMS-хабарлама арқылы растау кодын жолдайды;
- 32) Код сөзі** – телефон немесе басқа байланыс арналары арқылы ол жүгінген жағдайда Клиентті сәйкестендіру үшін Тараптар пайдаланатын, Клиент таңдаған және Банкке ұсынған цифрлық, әріптік немесе әріптік-цифрлық комбинация;
- 33) Айырбастау** – шетел валютасын сатып алу-сату;
- 34) Байланыс орталығы** – Клиенттердің кіріс және шығыс телефон қоңырауларын өңдеу қызметін ұсынатын Банк бөлімшесі;
- 35) Дербес деректердің құпиялылығы** – Банктің субъектінің келісімінсіз дербес деректердің таратылуын болдырмау талабын немесе басқа заңды негіздің болу талабын міндетті сақтауы;
- 36) Құпия ақпарат** – арнайы қорғаныс режимімен оларды ұсыну нысанына байланыссыз адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процесстер туралы мәліметтер;
- 37) Кредит лимиті** – Клиентке Кредит лимитін ұсыну шарты аясында ұсынылатын кредит ресурстарының шекті сомасы;
- 38) ДСЖК** – қызметті пайдаланған кезде клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен құралатын электрондық цифрлық белгілердің бірегей жүйелілігін білдіретін Банктің динамикалық сәйкестендіру жүйесінің біржолғы коды;
- 39) Мобильді қосымша** – Клиентке Банктің электрондық банктік қызметтеріне қолжеткізуді ұсынатын мобильді құрылғысы (смартфон, планшет және т.б.), белгіленген, шығарылған бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 40) ХТЖ (халықаралық төлем жүйесі)** – Төлем карточкасын пайдаланумен төлем жүргізу және (немесе) ақша аударымын жүргізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық шараларының жиынтығы;

- 41) Санкцияланбаған операция** –Төлем карточкасын пайдаланумен жүргізілген, және осы операцияны жүргізуге өкілеттігі жоқ, ҚР заңнамасына қайшы емес операция. Жасанды төлем аспабын пайдаланумен жүргізілген операция да санкцияланбаған операция болып табылады;
- 42) Дербес деректерді өңдеу** – автоматизация аспаптарын пайдаланумен немесе дербес деректердің осындай аспаптарын пайдаланбастан жүргізілетін кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы, дербес деректерді жинау, жазу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, нақтылау (жанарту, өзгерту), алу, иесіздендіру, бұғаттау және жою;
- 43) Овердрафт/қарыз** – Карточкалық операциялар жүргізген кезде Кредит лимиті аясында төлемділік, қайтарымдылық және мерзімділік шарттарында алынған Қарыз алушының пайдаланатын ақша сомасы;
- 44) Операциялық күн** – Банктің Клиенттерден ақша аударымының нұсқауы және тоқтату туралы өкімі немесе осындай нұсқауларды кері алу және олардың пайдасына немесе үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымын жүргізуге байланысты хабарлама беруін қабылдауы ішіндегі Банк клиенттеріне операциялық қызмет көрсету Кестесіне сәйкес уақыт кезеңі. Операциялық күннің ұзақтығын Банк дербес белгілейді. Банктің операциялық күннің ұзақтығын өзгертуге құқығы жоқ. Операциялық күн Банкпен ұсынылатын операциялар/қызметтер түрімен ерекшеленеді. Тиісті өзгертулер туралы ақпарат Клиентке осындай әрекет енгізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) ресми сайтына ақпарат орналастыру, немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша ғимараттарында көрінетін жерлерге ақпарат орналастыру жолымен хабарланады;
- 45) Негізгі борыш** – Банкпен берілген және Клиентпен өтелмеген Овердрафт сомасы;
- 46) Есептік кезең** – аяқталуы бойынша Банк жалпы сомасы Төлем күніне дейін төленуге тиіс Берешектің есебіне пайдаланылатын, жүргізілген Карточкалық операцияларды көрсетумен Үзінді-көшірмені құрастырады. Есептік кезең, егер олар демалыс күндері болып табылса, соңғы екі ай енгізілмейтін 1 (бір) күнтізбелік ай бойынша белгіленеді. Берілген Овердрафт бойынша жүргізілген Карточкалық операциялар келесі Есептік кезең аяқталуы бойынша құрастырылатын Үзінді-көшірмеде көрсетіледі;
- 47) Қате есептелген ақша** – қате нұсқауды орындау нәтижесінде Шотқа есепке алынған ақша. Инициатормен жөнелтілген нұсқау қате болып табылады, егер: 1) алдыңғы жөнелтушіден алынған нұсқау деректемелеріне сәйкес келмесе; 2) қайтадан берілсе;
- 48) Дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасымалда белгіленген олардың негізінде анықталған немесе анықталатын дербес деректер субъектісіне қатысты деректер;
- 49) Дербес сәйкестендіру номері (ДСН)** – Төлем карточкасына берілетін және Клиентті сәйкестендіруге арналған құпия цифрлық код;
- 50) ҚАП (қолма қол ақша беру пункті)** – Төлем карточкасын пайдаланумен қолма қол ақша қабылдау және/немесе беру бойынша операциялар жүргізу үшін арнайы жабдықталған касса;
- 51) Төлем карточкасы** – Клиентке электрондық терминалдар немесе байланыстың басқа арналары арқылы төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізуге немесе қолма

қол ақша алуға, немесе валюта айырбастау жүргізуге және төлем карточкасының эмитентімен және оның шарттарында белгіленген басқа операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы. Осы Шартта Төлем карточкасы деп Банк және Клиент арасында жасалған Кредит лимитін ұсыну шартының талаптарында Банкпен ұсынылған Кредит лимиті шектерінде Овердрафт есебінен төлем және (немесе) аударымдар жүргізуге мүмкіндік беретін кредит лимиті бар және Шоттағы Клиенттің меншік қаражатының дебет карточкасы түсіндіріледі;

**52) Төлем құжаты** – соның негізінде немесе көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілетін қағаз тасымалдағыштағы немесе электрондық нысанда құрастырылған құжат;

**53) Төлем терминалы** – төлемдерді және аударымдарды қабылдауды, басқа банктік операцияларды жүргізуді, оның ішінде жеке тұлғалардың өзіне-өзі қызмет көрсету режимін қамтамасыз ететін, сондай-ақ тиісті растаушы құжаттарды құрастыратын электрондық-механикалық құрылғы;

**54) Жасанды төлем карточкасы** – санкцияланбаған карточкалық операцияларды жүргізу мақсатында жасалған, заңсыз жолмен әзірленген төлем картасы;

**55) Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күмәнді операция (күмәнді операция)** – оны жүргізу үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлікке қатысты күдік туындауы мүмкін Клиенттің операциясы (осындай операцияны жасау әрекеті-талпынысын қоса, жасалу барысындағы немесе жасалған операция), қылмыстық қызметтен алынған кіріс борлып табылады, немесе операцияның өзі қылмыстық жолмен немесе басқа қылмыстық қызметтен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), немесе терроризмді қаржыландыруға немесе өзге қылмыстық әрекетке бағытталған;

**56) Пайдаланушы** – мобильді қосымшаны пайдаланатын, осы Шартқа қосылған Банктің Клиенті;

**57) POS-терминал** – ҚТП тауарларға немесе қызметке төлем, сондай-ақ ҚТП қолма қол ақша беру жүргізілетін, төлем карточкасын пайдаланумен және банктің ақпараттық жүйесіне қосу арқылы жүргізілетін электрондық-механикалық құрылғы;

**58) СҚК (сауда-саттық және қызмет кәсіпорны)** – жеткізілетін тауарларға және/немесе қызметтерге қолма қол ақшасыз төлем жүргізу үшін Төлем карточкаларын қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға. ҚТП жүргізілетін операциялар сомасына қабылдауы және Клиентті сәйкестендіру тәртібі бойынша Төлем карточкаларының түрлеріне шектеулер енгізуі мүмкін. Банк осындай шектеулерге немесе ҚТП енгізілетін Клиентті сәйкестендіру тәртібіне байланысты жауапкершілік алмайды және Клиенттің шағымдарын қабылдамайды;

**59) Есептік күн** – Кредит лимиті аясында Овердрафт бойынша берешек құралған айдан кейінгі айдың соңғы жұмыс күні, оған дейін (қоса) Овердрафт бойынша есеп айырысулар жүргізіледі;

**60) Тіркеу** – сәйкестендіру құралын және/немесе растау Кодын енгізу арқылы қызметтің қашықтық арнасына рұқсат алуға бағытталған Клиенттің әрекеттері;

**61) Тіркеу куәлігі** – қағаз тасымалдағыштағы немесе ЭЦҚ ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңымен белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін Куәландырушы орталықпен берілетін электрондық құжат;

**62) Төлем карточкасының деректемелері** – Төлем карточкасындағы және/немесе Банктің ақпараттық жүйесіндегі сақтаулы ақпарат, номерді, жарамдылық мерзімін,



оның ұстаушысына және/немесе Төлем карточкасының эмитентке және төлем карточкаларының жүйесіне тиістілігін белгілеуге мүмкіндік беретін Төлем карточкаларының атауын қоса;

**63) Банктің жүйесі** – банктік операцияларды, Шот және/немесе Төлем карточкасы бойынша операцияларды есепке алу жүргізілетін автоматтандырылған банктік жүйе;

**64) Қашықтықтан қолжеткізу жүйесі** – телекоммуникациялар, цифрлық және ақпараттық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының және Клиент пен Банк арасындағы байланысты қамтамасыз ететін құралдар жиынтығы, оның ішінде Банктің ресми сайты ([www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz));

**65) Сәйкестендіру тәсілі** – электрондық цифрлық қолтаңба, динамикалық сәйкестендіру, биометрикалық сәйкестендіру немесе пайдаланушы мен парольді бірегей сәйкестендіру (КСДИ, QR-код, ДСН, USSD/SMS-хабарлама, пароль, растау коды, код сөзі) және/немесе Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы рұқсат алу барысында және Клиентпен операциялар жүргізу үшін пайдаланатын Клиентті сәйкестендіруге арналған Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Клиенттің ерік-қалауын өзгедей растау. Клиентке сәйкестендіру тәсілін қолдану Клиенттің электрондық хабарлама, электрондық құжаттама, оның ішінде Қызмет көрсетудің қашықтық арналары арқылы жасалатын электрондық түрдегі шарттар, жасау және/немесе таныстыру және/немесе қол қою фактісін куәландырады. Мәміле жасау кезінде сәйкестендіру тәсілін қолдануды тараптар жазбаша нысанда жасалған, тараптарды және олардың ерік-қалауы мәнін білдіретін мәміле деп есептейді. Банк Клиенттің Банктің ішкі тәртібіне сәйкес сәйкестендірудің тиісті тәсілімен расталған өтінімін алған жағдайда тиісті түрде сәйкестендірілген деп таниды. Электрондық түрде банктік шот ашқан кезде клиент Банкке ЭЦҚ пайдаланумен өтінімді немесе төмендегі сәйкестендіру тәсілдерін: электрондық цифрлық қолтаңбаны, динамикалық сәйкестендіруді, биометрикалық сәйкестендіруді немесе пайдаланушының бірегей идентификаторы мен парольін ұсынады. Клиентке қызмет көрсеткен кезде қолданылатын сәйкестендірудің мүмкін тәсілдерін Банк ҚР заңнама талаптарына сәйкес белгілейді;

**66) Стоп-парақ** – оларды қызмет көрсетуге ұсынған кезде пайдалануға тыйым салынған және алынуға жататын Төлем карточкалары номерлерінің тізімі. Стоп-парақ онлайн (электрондық тәртіпте) немесе эмитенттердің жазбаша өтініштері негізінде ХТЖ құрастырылады;

**67) Шот** – Шарттың негізінде, оның ішінде Төлем карточкасы қолжетімді құрал болып табылатын, Банктің Клиентке ашатын ағымдағы шоты;

**68) Тарифтер** – Банктің ресми сайтында: [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) орналасқан оларды жүргізген кезде қолданыстағы Банкпен көрсетілетін қызметтерге тарифтер мен комиссиялар;

**69) Техникалық овердрафт** – Шоттағы Клиенттің Қолжетімді қаражаты қалдығынан, сондай-ақ Кредит лимитінің сомасынан асатын ақша сомасы. Техникалық овердрафт Банктің карточкалық жүйесінде алдын ала онлайн-авторизациясы жоқ операциялар кезінде, Карточкалық операция бойынша авторизация көлемі мен қаржылық растау сомасы арасындағы бағамдық айырма кезінде құралуы мүмкін, ХТЖ ережелерімен белгіленген ұсыну мерзімінің кешігуімен эквайерлермен ұсынған операциялар, шоттан сомалардың қате/қосарлы есептен шығарылуы және т.б.;

**70) Қашықтықтан қызмет көрсету арнасы** – клиенттерге қызмет ұсынылатын банк қызметтеріне қашықтықтан қол жеткізу арнасы (телефон, интернет, банкомат, төлем терминалы, мобильді қосымша, интернет-банкинг, SMS-хабарлама);

**71) Куәландырушы орталық** – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландырушы, ҚР заңнамасына сәйкес уәкілеттенген, сондай-ақ Клиентке ЭЦҚ арқылы Электрондық құжаттарға қол қою мүмкіндігін ұсынатын тіркеу куәлігінің шынайылығын растайтын кәсіпорын;

**72) Филиал** – заңды тұлға болып табылмайтын, Банктен тыс орналасқан, Банк атынан банктік қызметті жүргізетін және оған Банк ұсынған уәкілеттіктер шегінде әрекет ететін Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі;

**73) Электрондық банктік қызметтер** – төлем, қарыз, посткредит қызметін және ақпараттық банктік қызмет алу үшін қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы Клиенттің өзінің банктік шотына, қарыз және посткредит операцияларына қол жеткізуіне байланысты қызметтер;

**74) Электрондық құжат** – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңбамен, Банкпен белгіленетін ҚР заңнамасына қайшы емес қорғаныс элементтерін қолданудың кез келген тәсілімен куәландырылған құжат;

**75) Эквайер** – банк немесе Карточкалық операция жүргізген кезде ХТЖ жасалған, ХТЖ-мен шарттың талаптарына және/немесе Төлем құжатының шарттарына сәйкес банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін ұйым, ХТЖ пайдасына келіп түскен ақша қабылдауға және/немесе ХТЖ-мен шартымен көзделген өзге де әрекеттерді орындауға жатады. Эквайер болып, сондай-ақ қолма қол ақша беруді және/немесе осы банктің клиенті болып табылмайтын Төлем картасын ұстаушыларға басқа да қызмет көрсететін банк табылады;

**76) Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігі мен мәнінің өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

**77) Электрондық төлем қызметтері** – төлемдер жүргізуге және (немесе) ақша аударымына, банктік шотты пайдаланумен және ақпараттық банктік қызметтерге қатысты емес банктік операциялардың басқа түрлерін жүргізумен шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге байланысты электрондық банктік қызметтер;

**78) Эмитент** – төлем карточкаларын шығаруды жүргізетін банк, оның ішінде негізгі банк немесе еншілес банк, сондай-ақ 1995 ж. 31-тамыздағы ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңына сәйкес төлем карточкаларын шығаруды жүргізетін банктің активтері мен міндеттемелерін берген жағдайда алушы-банк;

**79) QR-код** – Банк қызметіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, операциялар жүргізетін, Клиентті сәйкестендіретін, тауар (жұмыс, қызмет) туралы мәліметтер, электрондық ақпараттық және транзакциялық банктік қызметтер, Төлем картасының деректемелері, сондай-ақ Банк қабылдайтын визуалды машинамен оқылатын штрихкодтарды пайдалана отырып жүргізілетін операцияларға нұсқаулар беруді қамтамасыз ететін технология.

### **III-ТАРАУ. АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ АШУ, КРЕДИТ ЛИМИТІМЕН ТӨЛЕМ КАРТЧКАСЫН БЕРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

#### **3.1. Клиентке ағымдағы шотты ашу және қызмет көрсету бөлігінде банктік қызмет, кредит лимитін ұсынумен төлем карточкасын беру және қызмет көрсету**

- 3.1.1. Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz), мекенжайы бойынша ресми сайтта орналасқан нысанда Шарттың, Қосылу туралы өтінімнің негізінде Банк:
- Шартпен көзделген талаптарда және тәртіпте (Банкте қолданыстағы Шот болмаған жағдайда) Клиентке банктік шот ашады;
  - Банкке жүгінген жағдайда кредит лимиті бар дебет карточкасын (әрі қарай – Төлем карточкасы) шығарады/онлайн режимінде физикалық тасымалды (пластика) пайдаланумен және пайдаланбастан, оның қызметін қамтамасыз етеді, сондай-ақ банктік шотты жүргізеді және осы Шартпен, Кредит лимитін ұсыну шартымен көзделген шарттарда Кредит лимитін пайдалану талаптарында оның қызметін қамтамасыз етеді, оған Төлем карточкасын бекітеді;  
Ал Клиент Шарттың және Қосылу туралы өтінімнің негізінде:
  - Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен және іскерлік айналым әдет-ғұрыптарымен көзделген Шот бойынша операцияларды орындайды;
  - Төлем карточкасын/Шотты, Кредит лимитін Шартқа, Кредит лимитін ұсыну шартына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес пайдаланады;
  - Карточкалық операциялар бойынша Овердрафты уақытында өтейді;
  - Тарифтерге сәйкес Банк қызметіне төлейді.
- 3.1.2. Банк дербес және өз қарауы бойынша Төлем карточкасын шығару және Кредит лимитін ұсыну туралы шешімдер қабылдайды.
- 3.1.3. Клиент Овердрафтың тек қана Банктің ішкі тәртібіне сәйкес белгіленетін кредит қабілеттілігі, Клиенттің сенімділігі шартында берілетініне сөзсіз келіседі.
- 3.1.4. Клиент Шарттың, Кредит лимитін ұсыну шартының талаптарымен, Жалпы шарттармен, Тарифтермен, Банктің: [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz), мекенжайының ресми сайтында орналасқан операциялар жүргізу шектеулерімен/лимиттерімен танысты.
- 3.1.5. Клиент Шарт жасаса тұрып, Банктің Шарттың 1.2-т. көзделген әрекеттерді жүргізуіне келісім береді.

#### **3.2. Шот ашу және Төлем карточкасын шығару**

- 3.2.1. Банк ҚР заңнамасымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте ҚР мемлекеттік кірістер органдарына Шот ашу туралы хабарлайды.
- 3.2.2. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады, Шарттың талаптарына сәйкес Клиентке уақытша пайдалануға және иеленуге беріледі. Төлем карточкасын Клиент Шартпен көзделген мерзімде және тәртіпте Банкке міндетті түрде қайтарады.
- 3.2.3. Клиент Шотты теңгеде ғана жүргізуге келіседі және оған мәлімденді.
- 3.2.4. Клиент Шарттың шарттары есебімен Банк алдында берешегі жоқ (оның ішінде Төлем картасын қолдану мерзімі аяқталғанға дейін) жағдайда Төлем карточкасын пайдаланудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Клиенттің Төлем карточкасының қызметіне төлеген Банктің комиссиясы қайтарылмайды.

### **3.3. Тарифтер және Клиенттің Банкпен өзара есеп айырысулары**

- 3.3.1. Овердрафты беруге және қызметіне байланысты емес, Шот/Төлем карточкасы бойынша қызметке және операциялар жүргізгені үшін Банк операция жүргізу күніне қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы (комиссия) алады.
- 3.3.2. Клиенттің комиссияға төлемі Шарттың 3.3.6-т. белгіленген тәртіпте жүргізіледі.
- 3.3.3. Тарифтер Банктің ресми сайты: [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz). мекенжайында орналастырылады.
- 3.3.4. Қосылу туралы өтінімге қол қоя тұрып, Клиент осы Шартқа қосылады және Тарифтермен танысқанын және олардың мөлшерімен, өзгерту және қолдану тәртібімен келісетінін растайды.
- 3.3.5. Банк Банктің ресми сайты: [www.bankffin.kz.](http://www.bankffin.kz), сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша бөлмелерінде көрінетін жерлерге ақпарат орналастыру жолымен Банктің Тарифтеріне өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат Клиенттерге осындай өзгертулер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 14 (он) төрт күннен кешіктірілмей хабарланады.
- 3.3.6. Банк ҚР заңнамасымен, осы Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген құжаттар негізінде Шотты тікелей дебеттеу жолымен Карточкалық операциялар сомасын, Банктің комиссияларын, Шотқа қате есептелген/Банкоматты пайдаланумен Клиент сұраған және Банкоматтың бақылау чегінде (оның ішінде басқа валютадағы) көрсетілген сомадан артық алған сомаларды шығынға жазады, ал Шотта ақша болмаған жағдайда төмендегідей жолдармен:
- 1) ҚР заңнамасымен, осы Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте Банкте ашылған Клиенттің кез келген банктік шотынан тікелей дебеттеу; және/немесе
  - 2) Клиенттің Банкте ашқан немесе ҚР-да немесе онан тыс жерлердегі кез келген басқа банктердің (банктік қызметті жүргізетін ұйымдардың) банктік шоттарына төлем талап-тапсырмасын қою. ҚР немесе тиісті шетел мемлекетінің заңнамасымен Клиенттің қосымша акцептін талап етпейтін төлем талап-тапсырмасын қоюға болатын жағдайларда Банк төлем талап-тапсырмасына Шарттың түпнұсқасын немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе ақшаны акцептсіз алуға (шығынға жазу) қажетті басқа да құжаттарды қоса береді. Және Клиенттің банктік шотында ақша жеткілікті болса, Банктің төлем құжаты онда көрсетілген ақша сомасына орындалуы керек, ал ақшаның барлық сомасын алу (шығынға жазу) – ақша жеткіліксіз жағдайда - Клиенттің Банкте ашқан картотекасында сақталуы керек.
- Клиент осымен Банкке Шарттың осы тармағында белгіленген жағдайларда және тәртіпте Клиенттің қосымша келісімінсіз (акцептсіз) ақшаны шығынға жазу құқығын береді.
- 3.3.7. Клиент Шот бойынша үзінді-көшірмені алған кезден бастап немесе Банк тиісті жазбаша талап жөнелткен кезден бастап 2 (екі) банктік күннен кешіктірмей Шотқа қате есепке алынған немесе Төлем картасын пайдаланумен қате алынған ақшаны Банкке қайтаруға міндеттенеді.

### **3.4. Карточкалық операцияларды жүргізу тәртібі**

- 3.4.1. Карточка ұстаушы Карточкалық операцияларды жүргізген кезде өз қарауы бойынша Шарттың және Жалпы Шарттардың талаптары есебімен Шоттағы ақшаға иелік етеді. Клиент Банктің келісімі бойынша Шартпен белгіленген тәртіпте Шоттағы ақшаға әрбір жеке карточа Ұстаушының Шоттағы ақшаны басқаруына шектеулер белгілеуіне

құқылы. Клиент Шоттағы қаражатқа карточка Ұстаушының мақсатты пайдалануын дербес бақылайды. Карточка Ұстаушы Клиенттің уәкілетті өкілі болғандықтан Клиент Карточкалық операцияларды карточка Ұстаушының Шоттағы қаражатты мақсатсыз пайдалану себебін даулауға құқығы жоқ.

3.4.2. Клиент Шоттағы ақша қалдығы шегінде төлем және ақша аударымын жүргізуге құқылы, оның ішінде Кредит лимиті есебінен, ұқсас операциялар жүргізу үшін Банк пайдаланатын қызмет арқылы басқа да банктік шоттарға (Банкте немесе кез келген басқа банкте ашылған) және Тарифтерге сәйкес. Егер Клиент Шарттың шарттарына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлемеген және/немесе төлем және/аударым жүргізуге байланысты төленуге тиіс Банктің комиссиялық сыйақысы сомасы есебімен ақша аударымын жүргізу үшін Шотта Қолжетімді лимиттен асып кеткен жағдайда Банк Клиентке Төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Клиенттің Банкке ұсынған/жөнелткен Төлем құжаттарының жартылай орындалуын жүргізбейді.

3.4.3. Клиенттің нұсқауын алған күннен кейінгі 1(бір) операциялық күн ішінде төлем құжатын орындамау туралы Банктен хабарлама алған жағдайда Клиентпен бастамашылық еткен төлем үнсіздік бойынша орындалған деп есептеледі.

3.4.4. Тараптар Үзінді-көшірменің Карточкалық операциялар жүргізуге жеткілікті дәлел болып есептелетініне келіседі.

3.4.5. Шот/Төлем карточкасы бойынша операциялар жүргізу тәртібі ҚР заңнамасына, ХТЖ ережелеріне және/немесе Банктің Ішкі құжаттарына өзгертулер енгізу кезінде өзгеруі мүмкін.

### **3.5. Карточкалық операциялар бойынша лимиттер мен шектеулер**

- 3.5.1. Клиент осы Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Төлем карточкасы бойынша ақшаның жұмсалыуына жалпы лимит белгілеуге құқылы.
- 3.5.2. Банктің келісімімен Клиенттің қалауы бойынша қосымша циклдің кезеңділігімен қолма қол ақша алуға лимит белгіленеді: ҚР заңнама талаптарына сәйкес жалпы айлық лимиті есебімен тәуліктік немесе күнтізбелік айға. Лимит орнату/өзгерту Клиенттің Банкке берген белгіленген нысандағы өтініші негізінде жүргізіледі.
- 3.5.3. Тәулігіне қолма қол ақша алу лимиті тәулігіне Карточкалық операциялар жүргізудің жалпы лимитінен аспайды.
- 3.5.4. Карточка Ұстаушыға карточканы заңға қарсы мақсатта пайдалануға тыйым салынады, ҚР қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынған тауарлары мен қызметтерді сатып алуды қоса, сондай ақ ҚР заңнамасына сәйкес, Карточканы пайдаланумен операция жүргізілмейтін.
- 3.5.5. Клиенттің тәуекелдерін азайту үшін Банк бір тарапты тәртіпте Төлем карточкасын пайдаланумен Карточкалық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізеді шектеулер/лимиттер белгілейді/өзгертеді (операциялар түрлері сияқты, қызмет көрсету аймағы бойынша). Шектеулерді/лимиттерді қолдану тәртібі Банктің ресми сайтында орналастырылған Жалпы шарттармен белгіленеді.

### **3.6. Төлем карточкасын бұғаттау**

- 3.6.1. Төлем карточкасын бұғаттау және бұғаттан шығару Жалпы Шарттарға сәйкес жүргізіледі.
- 3.6.2. Карточка Ұстаушының/Клиенттің басқа уәкілетті өкілінің Карточканы бұғаттау туралы нұсқаулары Банкке телефон немесе Банкке тікелей жазбаша жүгіну арқылы ұсынылады. Аталған жағдайларда Төлем карточкасын бұғаттаудан шығаруды Банк карточка

Ұстаушының байланыс орталығына жазбаша өтініші/ауызша жүгінуі/соңғысының Банкте тікелей болуымен ресімделген жағдайда жүргізіледі, және егер Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Карточканы бұғаттаудан шығару мүмкін болса.

### **3.7. Кредит лимитін пайдалану Төлем карточкасы/Шот бойынша операциялар жүргізу тәртібі**

- 3.7.1 Клиент Төлем карточкасын ҚР заңнамасына, Шартқа, Жалпы шарттарға сәйкес пайдаланылады. Ұстаушы болып табылмайтын тұлғаның төлем карточкасын пайдалануы карточка Ұстаушының жауапкершілігімен заңсыз болып табылады.
- 3.7.2 Овердрафт Клиенттің осындай операция сомасының Клиенттің Шотындағы меншік ақшасы сомасынан асатын кезде ұсынылған деп есептеледі, қоса, бірақ шектелместен:
- 1) қолма қол ақша беру; және/немесе
  - 2) аудару; және/немесе
  - 3) төлем, оның ішінде Шартпен көзделген Банктің комиссиясын төлеу;
  - 4) тауарлар немесе қызметті сатып алу.
- Клиентке Овердрафты ұсыну фактісі көрсетілген операцияны жүргізуді куәландыратын кез келген құжатпен расталады, оның ішінде Шот бойынша Үзінді көшірмемен.
- 3.7.3 Овердрафты берген күн болып операция жүргізілген күн табылады. Овердрафты қайтарған күн болып Кредит лимитін ұсыну шарты бойынша Клиенттің берешекті өтеген күні табылады. Овердрафт сомасын берген күн және қайтарған күнге толық көлемде бір күн қабылданады. Овердрафты немесе оның бөлігін өтеген күннен бастап Кредит лимитінің мөлшері өтелген Овердрафт сомасына қалпына келтіріледі.
- 3.7.4 Клиент Карточкалық операцияны белгіленген Кредит лимиті шегінде және Шоттағы өз меншік қаражаты (қолжетімді қаражат), Банк ұсынған Овердрафт есебінен жүргізеді.
- 3.7.5 Тауарларға, жұмысқа және қызметтерге төлем төлеген кезде, қолма қол ақша алғанда немесе басқа да шығыс операцияларын жүргізген кезде Банк Авторизация сомасына ақшаны бұғаттайды (Қолжетімді қаражаттан соманы шығарып тастайды). Техникалық овердрафтты болдырмау мақсатында Клиент Банкке бұғаттау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге Авторизация сомасына ақшаны бұғаттау (Қолжетімді қаражаттан соманы шығарып тастау) өкілеттігін береді. Авторизация сомасы Карточкалық операция бойынша алу сомасынан ерекшеленуі мүмкін. Авторизация сомасы Банктің ішкі құжаттарымен көзделген негіздер бойынша соманы алғанға дейін немесе Банктің растауды алғанына дейін Қолжетімді қаражат сомасынан алып тасталады.
- 3.7.6 ҚР аумағынан тыс жерде болған кезде Клиент Банкпен белгіленген Тарифтерге сәйкес ХТЖ клиенттерін ғаламдық қолдау қызметі ұсынатын қызметтерді пайдалануға құқылы.
- 3.7.7 Клиент Қолжетімді қаражат сомасы шегінде басқа банктік шоттарға ақша аударуға құқылы, оның ішінде осындай операцияларды жүргізуде пайдаланылатын және Тарифтерге сәйкес қызметті пайдаланумен.
- 3.7.8 Шотты толықтыру ҚР заңнамасына сәйкес қолма қол немесе қолма қол ақшасыз тәсілде жүргізіледі.
- 3.7.9 Шотты шетел валютасында толықтырған кезде валюта Банкпен айырбастау күніне белгіленген валюта айырбастау бағамы бойынша теңгеде айырбасталады.
- 3.7.10 Басқа банктерден және кез келген үшінші тұлғалардан келіп түсетін төлемдер мен ақша аударымдарын Банк тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарын алу шартында, ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімде осындай төлемдер немесе ақша аударымын жүргізуге байланысты комиссиялар мен шығындарды шегерумен Шотқа есепке алады.

- 3.7.11 Егер Клиенттің тапсырмасы бойынша ұсынылатын құжаттар ҚР заңнама талаптарына және/немесе Банк талаптарына қайшы келсе және/немесе соған сәйкес ресімделмесе, Банк Клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы.
- 3.7.12 Банктің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы болып теңге (операциялар ҚР аумағында жүргізілсе), АҚШ доллары (операция теңгеден және еуродан басқа шетел валютасында жүргізілсе), еуро (операция еуроға жүргізілсе, егер ХТЖ және Банктің өзара қатынастарымен көзделсе) табылады.
- 3.7.13 Клиент валюталық операцияларды жүргізген кезде Банк ҚР валюталық заңнама талаптарына және шарттарына сәйкес әрекет етеді. Клиент Банкке ҚР валюталық заңнамасына сәйкес валюталық операция жүргізуге қатысты құжаттарды, оның ішінде валюталық операцияны сәйкестендіруге қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 3.7.14 Бір төлемді бөлу/бөлшектеу арқылы жүргізуге болмайды.
- 3.7.15 ҚР заңнамасымен, Шартпен көзделген жағдайларда Банк Клиенттің қосымша өкімінсіз берешекті шығынға жазады (қолжетімді қаражат сомасы есебінен).
- 3.7.16 Берешекті өтеу тәртібі, берешекті өтеу кезектілігі, Банк және Клиент арасындағы құқықтық міндеттемелер Банктің ресми сайтында [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) орналасқан Кредит лимитін ұсыну шартында белгіленген.

1.

### **3.8. Клиент төмендегілерге құқылы:**

- 3.8.1. Төлем карточкасын ҚР заңнамасына, Шарттың шарттарына сәйкес пайдалануға.
- 3.8.2. Шот бойынша Үзінді көшірмені алуға.
- 3.8.3. Банкке Төлем карточкасын бұғаттау және/немесе Төлем карточкасын пайдалану бойынша шешу/өзгерту/шектеулерді/лимиттерді қалпына келтіру туралы талаппен ауызша телефон арқылы, жазбаша (оның ішінде электрондық тәсілде) хабарласуға. Және шектеулердің/лимиттердің (Банктің ішкі құжаттарымен көзделген) нақты санаттарына ауызша сұрау салу бойынша Банк шектеулі мерзімге Банктің Клиенттің алып тастау туралы талабын орындау үшін өзгертулер енгізеді. Шектеулерді/лимиттерді өзгерту/қалпына келтіру бойынша Клиенттің жазбаша талабы қажет немесе шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту мүмкін емес.
- 3.8.4. Төлем карточкасында көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік айда, сондай-ақ Төлем карточкасын жоғалтқан/ұрлатқан/заңсыз пайдаланған жағдайда Төлем карточкасын қайта шығару туралы Банкке дереу хабарлауға. Банк Клиент төлем картасын қайта шығару туралы өтінімді Кредит лимитінің жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күннен аз уақытта берген жағдайда жаңа Төлем карточкасын қайта шығарудан бас тартуға құқылы.
- 3.8.5. Банктің өтінімді қарауға қажетті құжаттарды ұсынумен Кредит карточкасы бойынша Кредит лимитін өзгертуге (ұлғайту немесе азайту) өтінім беруге. Клиенттің өтінім беруі Кредит лимитін өзгерту бойынша міндеттеменің автоматты туындауын білдірмейді. Кредит лимитін өзгерту туралы шешімді Банк өз қарауы бойынша Банктің ішкі құжаттарына сәйкес дербес қабылдайды. Бұл ретте Банк Клиенттің өтінімін қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.
- 3.8.6. Клиенттің Банкпен жекелеген шарттарды өзгертуі (Үзінді-көшірме алу, Овердрафт бойынша төлем күнін өзгерту, хабарлама жөнелту тәсілін өзгерту және т.б.) Клиент Қызметтің қашықтық арналары арқылы (осындай мүмкіндік болса) және Банктің келісімі жағдайында тиісті әрекеттер жүргізу жолымен жүргізіледі;

- 3.8.7. Қызметтің қашықтық арналары арқылы, оның ішінде Банкпен көзделген сәйкестендіру тәсілдерін пайдаланумен Банк бөлімшесінде Шот ашуға/Төлем картасына алуға/Кредит лимитін өзгертуге (ұлғайту немесе азайту) өтінім беруге;
- 3.8.8. Банк бөлімшесіне келу (қатысу) жағдайларын қоспағанда электрондық банктік қызмет алған кезде құжаттарға қол қою үшін растау кодын, ЭЦҚ немесе Банкпен көзделген басқа тәсілдерді пайдалануға.
- 3.8.9. Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жүгінуге және ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімде жауап алуға.

### **3.9. Клиент міндеттенеді:**

- 3.9.1. Банкке дәл және шынайы ақпаратты, Шот ашу үшін, Төлем карточкасын шығаруға, ҚР заңнамасы талаптарына және Банкпен белгіленген нысандарда Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Кредит лимитін алуға қажетті құжаттарды ұсынуға.
- 3.9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындауға және Төлем карточкасын ҚР заңнамасына және ХТЖ ережелеріне қайшы келетін операцияларды жүргізуге пайдаланбауға.
- 3.9.3. Шот бойынша операция жасалған күнге қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Банк қызметіне төлеуге.
- 3.9.4. Шотқа/тан ақшаны қате шешу немесе қате есепке алуды немесе санкцияланбаған операцияны байқаған жағдайда, сондай-ақ Төлем карточкасын ҚТП, ҚАБП немесе Банкомат алып алған жағдайда Банкке дереу хабарлауға.
- 3.9.5. Оның әрекет мерзімі аяқталуы және/немесе Шартты бұзу себебінен Төлем карточкасын пайдалануды тоқтатқан жағдайда бұл жөнінде Банкке хабарлауға және Төлем карточкасын Банкке қайтаруға.
- 3.9.6. Төлем карточкасының және/немесе оның деректемелерін үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалану тәуекелін көтеруге.
- 3.9.7. Шоттан ақшаның жұмсалуды бақылауға, Техникалық овердрафтың құралуын болдырмауға.
- 3.9.8. Төлем карточкасы жоғалған/ұрланған/заңсыз пайдаланған жағдайда Жалпы шарттарға сәйкес Банкке хабарлауға.
- 3.9.9. Банкпен Төлем карточкасын пайдалануды тоқтату бойынша тиісті хабарлама алған жағдайда және Банкпен хабарландыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шот бойынша берешекті өтеуге, сондай-ақ сөзсіз тәртіпте осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық сомада өтеуге немесе оны Стоп-параққа (болса) енгізумен Төлем карточкасын бұғаттауға байланысты және Төлем карточкасын Банкке қайтаруға.
- 3.9.10. Төлем құжатын орындағаннан кейін осындай орындаудың дұрыстығын анықтауға, және ол қате орындалған жағдайда қате төлем анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күнде Банкке анықталған қатені хабарлауға, алайда қате нұсқауды немесе санкцияланбаған төлемді және (немесе) ақша аударымын орындаған күннен бастап 3 (үш) жылан кеш емес. Қате төлем туралы хабарламада Клиенттің төлем құжатының деректемелері мен анықталған қате деректемелер көрсетіледі.
- 3.9.11. Клиенттің сұраған және Банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомадан асатын, сондай-ақ Шотқа қате есептеу (Клиенттің анықтаған) анықталған кезден бастап Банкпен белгіленген тәртіпте ақшаны 24 (жиырма төрт) сағат ішінде қайтаруға.
- 3.9.12. Банкке ұсынған мәліметтер өзгерген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, қоса, бірақ шектелместен, дербес деректердің өзгеруі, тұрақты тіркелген мекенжайының және



нақты мекенжайының, байланыс телефондарының, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына ықпал ететін ақпарат өзгерген жағдайларда Банкке осы тармақта көрсетілген мәліметтердің өзгеруі фактісін растайтын қажетті құжаттарды қоса берумен Банкке осындай өзгертулер туралы хабарлауға.

- 3.9.13. Шарт жасасу сәтіне өзінің басқа банктердегі барлық банктік шоттары туралы Банкке жазбаша хабарлауға, сондай-ақ Шарттың әрекет мерзімі ішінде Банкке оларды ашқан кезден бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей басқа банктік шоттар ашу туралы хабарлауға.
- 3.9.14. Электрондық банктік қызмет алған кезде сәйкестендіру құралдарының көмегімен қол қойылатын құжаттарға жауапты болады.
- 3.9.15. Клиентті сәйкестендіру, сәйкестендіргіштер және оларға сәйкес құралдар жоғалған/ұрланған жағдайда бұл туралы Банкке дереу хабарлауға, алайда ЭЦҚ жоғалған/ұрланған немесе басқа сәйкестендіргіш құралдарды бүлдірген сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей.
- 3.9.16. Клиенттің өтініші негізінде қызмет көрсету бойынша Төлем карточкасын пайдалануға байланысты туындаған Банктің сол немесе басқа шектеулерді/лимиттерді алып тастаған немесе өзгерткен салдарларына жауаптылық көтереді.
- 3.9.17. Шарттың шарттарына сәйкес Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) ресми сайтында орналастырылатын ақпаратпен дербес танысуға.

### **3.10. Банк құқылы:**

- 3.10.1. Шартпен көзделген жағдайларда бұғаттаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінен аспайтын мерзімде Авторизация сомасына Шоттағы ақшаны бұғаттауға (қол жетімді қаражат сомасын алып тастау).
- 3.10.2. Клиенттің кез келген банктік шотынан, сондай-ақ Клиенттің басқа банктердегі кез келген банктік шотынан Шоттағы валютадан басқа валютада ақша алған жағдайда Банкпен алу күніне белгіленген валюта айырбастау бағамы бойынша соманы айырбастауға. Валюта айырбастауға байланысты барлық шығындар Клиенттің есебінен төленеді.
- 3.10.3. Төмендегі жағдайларда Төлем карточкасын бұғаттауға:
  - 1) Клиенттен Төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдалану туралы хабарлама алған;
  - 2) Осы Шарт бойынша Клиент міндеттемелерін орындамаған/тиісті орындамаған;
  - 3) Төлем карточкасындағы мәліметтердің сенімсіздігіне қатысты ХТЖ хабарлама алған;
  - 4) Клиенттен Төлем карточкасын пайдаланумен санкцияланбаған операциялар туралы растау алған;
  - 5) Банктің карточкалық операциялардың мониторингі кезінде күмәнді/санкцияланбаған операцияларды анықтаған;
  - 6) Жалпы Шарттарға сәйкес Төлем карточкасын пайдалану ережелерін сақтамаған;
  - 7) ҚР заңнамасының бұзылуына немесе тәуекелдің туындауына және/немесе Банкке залал тудыратын Клиенттің әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінен болған жағдайлар анықталған, оның ішінде шектелместен, Клиенттің Шартпен көзделген міндеттемелерді орындамауы немесе уақытында орындамауы, оның ішінде Кредит лимитін ұсыну шартына сәйкес берешекті/Овердрафты төлеу мерзімін бұзған;
  - 8) даулы жағдай туындаған жағдайда, мәселе шешілген уақытқа дейін.

- 3.10.4. Келесі жағдайларда Төлем карточкасын алу:
- 1) Клиенттің осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған;
  - 2) Осы Шартты бұзған.
- 3.10.5. Төлем карточкасы бойынша жүргізілетін/жүргізілген Карточкалық операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе одан бас тартуға, белгілеудан бас тартуға, ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңымен көзделген жағдайларда және тәртіпте бір тарапты тәртіпте іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
- 3.10.6. Егер осы операцияның тараптарының бірі төмендегідей жағдайларда операция жүргізуді тоқтатуға және/немесе жүргізуден бас тартуға:
- 1) терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар және тұлғалардың тізіліміне енгізілген ұйым немесе тұлға;
  - 2) терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар және тұлғалардың тізіліміне енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;
  - 3) терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар және тұлғалардың тізіліміне енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
  - 4) терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар және тұлғалардың тізіліміне енгізілмеген заңды немесе жеке тұлға, бірақ терроризмді және экстремизмді қаржыландыру бойынша күдікті болып табылатын немесе терроризм мен экстремизмге байланысты болған жағдайларда.
- 3.10.7. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімдері және (немесе) өкімдері келіп түскен жағдайда Шот бойынша операцияны тоқтатуға, мемлекеттік бюджеттен және Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан кәмелетке толмағандарға және еңбекке жарамсыз кәмелетке толғандарға төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді және алименттерді есепке алуға арналған арнайы банктік шотты қоспағанда.
- 3.10.8. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңымен және ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңымен көзделген негіздерде және тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға. Банк Шартпен көзделген тәсілдердің бірімен шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Шартты орындаудан (толық) бас тарту туралы хабарлама жөнелтеді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған деп есептеледі, және Тараптардың арасында қандай-да болмасын келісім жасасу талап етілмейді. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңмен белгіленген жағдайларда Шартты орындаудан бір тарапты бас тартуға жол берілмейді.
- 3.10.9. Шартқа/Жалпы шарттарға/Қосылу туралы өтінімге/Тарифтерге Шартпен көзделген тәртіпте өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге.
- 3.10.10. Шартты бұзған кезде Клиенттің Төлем карточкасына жылдық қызмет көрсету бойынша төленген соманы қайтармауға.
- 3.10.11. Қызмет сапасын бақылауды жүргізу үшін Клиент Банкке жүгінген жағдайда телефон әңгімесін жазып алуды пайдалануға, сондай-ақ Төлем карточкасы бойынша операцияны растау және осы фактіні растау ретінде әңгіме жазбасын әрі қарай пайдалану үшін Клиентке шығыс қоңырауын шалған кезде осындай жүгіну фактісін растау үшін жазбаны пайдалануға.

- 3.10.12. Клиенттің ұсынған ақпаратын тексеруге. Клиенттен қажетті ақпаратты және құжаттарды сұрауға және алуға, оның ішінде белгіленген мерзімде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңының талаптарын орындау үшін, және Клиент осындай ақпараттың және құжаттардың шынайылығына жауап береді. Берілген ақпаратты және құжаттарды зерделеу уақытында Клиентке операция жүргізбеуге.
- 3.10.13. Осы Шартқа және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес бір тарапты тәртіпте санкцияланбаған операцияларды (операциялар түрі сияқты, қызмет көрсету зонасы бойынша) болдырмау мақсатында Карточкалық операциялар жүргізуге лимиттер мен шектеулерді белгілеуге/өзгертуге/қалпына келтіруге.
- 3.10.14. Клиенттің осы Шарт және Кредит лимитін ұсыну туралы шарт бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аса міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру болған жағдайда, Клиенттің Банкке барлық қажетті құжаттармен ақпаратты беру Шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған/тиісті орындамаған жағдайда ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңымен белгіленген тұлғаға Клиенттің қосымша келісімін алмастан талап құқығын беруге, Кредит лимитін ұсыну туралы шарт бойынша үшінші тұлғаларға Овердрафты/техникалық овердрафты өндіріп алуды тапсыруға және оларға Банктің тапсырмасын орындау үшін ақпарат пен құжаттаманы беруге.
- 3.10.15. Шот/Төлем карточкасы бойынша ақшаны есепке алу/алу операцияларын жүргізбеуге, егер:
- 1) Олар ҚР заңнамасына қайшы келсе;
  - 2) Карточкалық операцияның шығын сомасы Қолжетімді қаражат сомасынан асып кеткен;
  - 3) Банк немесе Клиент Карточкалық операциялар жүргізуге лимиттер мен шектеулер белгілеген;
  - 4) Төлем карточкасы бұғатталған/алынған/жабылған немесе оның жарамдылық/кредит лимиті қолжетімді мерзімі аяқталған;
  - 5) Төлемдер мен ақша аударым жүргізу үшін қате/жеткіліксіз деректемелер көрсетілген;
  - 6) Карточкалық операция санкцияланбаған болып табылады.
- 3.10.16. Төмендегі кез келген жағдайларда осы Шартты бұзуға, Кредит лимитін жоюға, Төлем карточкасын/Шотты жабуға:
- 1) Клиенттің Овердрафты алуға, қызметіне байланысты шынайы емес ақпаратты ұсыну фактілері анықталған, оның ішінде өзінің қаржылық жай-күйі туралы;
  - 2) Банктің кредит саясатының талаптарына сәйкес Банкпен жүргізілетін мониторинг қорытындылары бойынша Клиенттің қаржылық жай-күйі нашарлаған;
  - 3) егер Клиенттің мүлкін, банктік шотындағы ақшаны қоса, өндіріп алу жағдайында және/немесе тыйым салынған жағдайда Клиентті жауапкер ретінде сот процесіне тартуға;
  - 4) Банктің пікірінше Шарт бойынша Клиенттің міндеттемелерді орындамау қаупі туындаған;
  - 5) Шартты тиісті орындауға ықпал ететін ҚР заңнама талаптарының өзгеруі;
  - 6) ҚР заңнамасына сәйкес басқа да жағдайларда.
- 3.10.17. Шоттан алуды жүргізуге (жетпеген жағдайда – Клиенттің кез келген банктік шотынан):

- 1) Карточкалық операциялар сомасын;
- 2) Тарифтерге сәйкес есептелген комиссияны;
- 3) Банкоматты пайдаланумен Шотқа қате есептелген/Клиент сұраған және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомадан асатын (оның ішінде басқа валютада) ақшаны;
- 4) Шот бойынша берешекті;
- 5) Төлем карточкасын және/немесе оның деректемелерін заңсыз пайдалануды болдырмау жөніндегі Банкпен жүргізілген шығындарды;
- 6) Клиентке ХТЖ клиенттерді қолдау қызметімен ұсынылған қызмет құнын;
- 7) Клиенттің қате төлемдер жүргізуіне байланысты Банкке нақты келтірілген шығындар сомасын;
- 8) Овердрафт немесе Кредит лимиті бойынша берешекті;
- 9) Клиенттің Банк алдындағы берешектің өзге де түрлерін.

Клиент Шарт жасасумен осындай құқық көзделген Банкпен кез келген шарт негізінде Банкке тиесілі ақшаны даусыз тәртіпте (Клиенттің келісімінсіз және хабарламасыз) алуына келісім береді, Банктің Шот бойынша түзетулер жүргізуіне (Шотқа қате есепке алынған ақшаны және т.б.) қажет жағдайларда, сондай-ақ Клиенттің ашқан кез келген банктік шоттарынан:

- 1) Банкте, ҚР заңнамасына сәйкес төлем ордерін және (немесе) өзге төлем құжаттарын пайдаланумен оларды тікелей дебеттеу жолымен;
- 2) Екінші деңгейдегі банктерде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдарда, ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте төлем талабы және (немесе) өзге төлем құжаттары негізінде.

Банкке берешекті есепке алу ретінде Шоттан алынған барлық ақша сомасы ҚР заңнамасымен немесе тиісті шартпен көзделген кезектілікте осындай берешекті өтеуге жөнелтіледі.

3.10.18. Клиент осы Шарт және Кредит лимитін ұсыну шарты бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруді жіберген жағдайда берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу органына және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге. Бұл ретте сотқа дейінгі өндіріп алу органына және коллекторлық агенттікке реттеуге берген уақытта Банк төмендегілерге құқылы:

- 1) Берешекті өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге;
- 2) берешектің коллекторлық агенттіктегі уақытында есептелген сыйақыны төлеуді, сондай-ақ көрсетілген мерзімде негізгі борышты және сыйақыны уақытында өтемегені үшін тұрақсыздықты (айыппұл, өсім) есептеуді талап етуге.

3.10.19. Сәйкестендіру мақсатында Клиенттің фотобейнесін, Клиенттің биометрикалық деректерін, жеке басын куәландырушы және басқа сәйкестендіретін құжаттарды пайдалануға.

3.10.20. Клиентті SMS-ақпаратқа және Банк ұсынатын ақпараттандырудың басқа тәсілдеріне қосуға және Клиентке жарнама және/немесе Банкпен көзделген (оның ішінде SMS-хабарлама, Push-хабарлама) байланыс арналары арқылы ақпараттық хабарламалар (оның ішінде санкцияланбаған Карточкалық операцияларды жүргізуді болдырмау, Клиентке қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында). Клиенттен осындай хабарламаларды ұсынғаны үшін төлем алынбайды.

3.10.21. Клиентті оның келісімімен ұтыс ойындарын, жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы акциялар өткізуге тартуға. Және Клиент Банкке аты-жөнін (болса әкесінің атын), БАҚ, жарнама, ақпараттық материалдарда ұтыс немесе жұлде сомасын

көрсетумен ол туралы ақпаратты жариялауға рұқсатын береді, сондай-ақ Банктің жарнамалық және ақпараттық қызметіне тікелей және жанама байланысты басқа да шараларды өткізуге.

- 3.10.22. Шотқа есепке алынатын ақшадан Банктің сыйақысын ұстап қалуға (егер ол Тарифтерге сәйкес алынуға жатса).
- 3.10.23. Алаяқтық операцияларын болдырмау мақсатында тәуліктің кез келген уақытында Банктің деректер базасында көрсетілген телефон номерлері бойынша Клиентке қоңырау шалуға, бұған Клиент Шарт жасасу арқылы келіседі.
- 3.10.24. Клиенттің Карточкалық операция бойынша қойған талабын ол жүргізілген күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күн өтуі бойынша қарауға қабылдамауға.

### **3.11. Банк міндеттенеді:**

- 3.11.1. Тарифтермен, осы Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген шарттарда ҚР заңнамасына сәйкес Төлем карточкасына/Шотқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.
- 3.11.2. осы Шартпен және Кредит лимитін ұсыну шартымен көзделген сомада, мерзімде және шарттарда Банк Төлем карточкасын шығару, Овердрафт ұсыну туралы және Шарт жасасу туралы оңды шешім қабылдағаннан кейін Клиентке Овердрафт ұсынуға.
- 3.11.3. осы Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген ҚР заңнамасына сәйкес шарттарда Төлем карточкасына/Шотқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.
- 3.11.4. Операцияның ҚР заңнамасына, Банктің шарттарына сәйкестігі шартында Шот бойынша Клиенттің нұсқауларын орындауға, оның ішінде:
  - 1) қолма қол және/немесе қолма қол ақшасыз нысанда ақшаны Шотқа қабылдауға;
  - 2) Клиенттің айырбастау операциясын жүргізу туралы өкімін орындауға.
- 3.11.5. Клиенттің сұрауы бойынша сұрау алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тарифтерге сәйкес қызмет төлемі шартында Клиентке Қосымша үзінді-көшірмені ұсынуға.
- 3.11.6. Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) мекенжайындағы ресми сайтына орналастыру жолымен осындай өзгертулерді және/немесе толықтыруларды қолданысқа енгізген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктермей Клиентке Шарттың/Жалпы шарттардың/ Тарифтердің шарттарының өзгерісі туралы хабарлауға;
- 3.11.6-1. Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы Клиентке хабарлауға, сондай-ақ банктік шот шартын жасасу кезінде Клиентке осы Шарттың 1.2-тармағының 26) тармақшасына сәйкес кепілдендірілген өтеуді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы, оның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның талап етілмеген өтем сомасын жеке зейнетақы шотына аударатыны туралы хабарлануы тиіс;
- 3.11.7. Шарт тоқтаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шоттан Клиенттен келіп түскен нұсқауға сәйкес Клиенттің ақшасын басқа банктік шотына аударуға.
- 3.11.8. ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімде Клиенттің өтінімін қарауға және жауап әзірлеуге.
- 3.11.9. Клиенттің Шоты бойынша уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның Шот бойынша мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актісін, шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімін және (немесе) өкімін кері алғаннан кейін, сондай-ақ ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексімен, ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен және «Оналту және банкроттық туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте Шот бойынша операцияны жаңартуға. Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу бұрын қабылданған ақшаға тыйым салуды алып тастау туралы Клиенттің ақшасына

тыйым салу құқығына ие тұлғаның тиісті жазбаша хабарламасы негізінде немесе бұрын Шоттағы ақшаға тыйым салу бойынша орындау қойылған Банктің инкассалық өкімі орындалғаннан кейін алып тасталады, немесе ҚР «Атқару өндірісі және сот орындаушыларының мәртебесі» Заңымен көзделген жағдайларда.

- 3.11.10. ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларымен және (немесе) жеке сот орындаушыларымен қойылған төлем құжаттарын орындауға.
- 3.11.11. Клиенттің талабы бойынша Шот бойынша Үзінді-көшірмені беру жолымен жүргізілген операциялар туралы ақпарат ұсынуға.
- 3.11.12. ҚР заңнамасымен және Шартпен көзделген жағдайларды қоспағанда Клиенттің Шоты бойынша банктік құпияға кепілдік беруге, Клиенттің келісімінсіз Шоттың барлығы, иесі, номері мен жай-күйі және ол бойынша операциялар туралы, ақша қозғалысы мен қалдығы туралы ақпарат ұсынбауға.
- 3.11.13. Шартпен көзделген тәртіпте оның аяқталу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күнде Төлем карточкасының жарамдылық мерзімінің аяқталуы туралы Клиентке хабарлауға.

## **4- ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **4.1. Тараптардың жауаптылығы**

- 4.1.1. Тараптар осы Шартқа және ҚР заңнамасына, сондай-ақ Жалпы шарттардың талаптарына сәйкес, егер осындай орындамау/тиісті орындамау табиғи апаттар, элеуметтік катаклизмдер, билік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының шешімдері, оның ішінде Шарттың мәніне тікелей қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, техниканың тоқтап қалуы, бағдарламалық қамтамасыз етудің, электр қуатын беретін жүйедегі және Тараптарға байланысты емес себептер бойынша мәліметтерді берудегі іркілістер түсіндірілетін тойтарылмас күш жағдайларының салдарынан болса, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін жауаптылық көтермейді. Осы Шарттың тармағымен көзделген тойтарылмас күш жағдайлары басталған жағдайда Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың барысында әрекет ететін уақытқа шамалас жылжытылады.
- 4.1.2. Клиент Төлем карточкасын пайдалана отырып, ҚР валюталық заңнамасына сәйкес сомасы 10 000 (он мың) АҚШ доллары баламасынан асатын валюталық операция жүргізген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде валюта шартын ұсынбағаны үшін жауапты болады. Егер төлем және (немесе) аударым валютасы АҚШ долларынан айрықша болса, төлем және (немесе) аударым сомасының баламасы операция жүргізу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдаланумен есептеледі.

### **4.2. Шотты/Төлем карточкасын жабу шарттары және Кредит лимитін жою**

- 4.2.1. Шарттың осы Тарауы бойынша міндеттемелерді орындау бөлігінде Тараптардың міндеттемелері Клиенттің Қосылу туралы Өтінімге қол қойған және оны Банк қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Клиенттің және Банктің Шарт бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанына дейін әрекет етеді, оның ішінде Кредит лимитін ұзарту мерзімі есебімен.
- 4.2.2. Клиент Шарттың 3.9-тармағымен көзделген міндеттемені орындамаған жағдайда Банк қайтарылмаған Төлем карточкасын/Шотты бұғаттайды және Тарифтерге сәйкес Төлем карточкасын бұғаттағаны үшін сыйақы алады.

- 4.2.3. ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен көзделген негіздер бойынша Банк себептерін түсіндірместен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Шотты/Төлем карточкасын жабуға, Кредит лимитін жоюға және/немесе Шот бойынша ақшаны есепке алуды/алуды жүргізбеуге құқылы.
- 4.2.4. Операциялар жүргізуді немесе Төлем карточкасының әрекетін тоқтатқан жағдайда Банкке ХТЖ-нан келіп түсетін құжаттар негізінде Қолжетімді қаражат есебінен Кредит карточкасы Банкке қайтарылған күннен бастап, егер ол қайтарылмаса, немесе оның жоғалуына/ұрлануына байланысты Кредит карточкасын жою, Шотты жабу туралы өтінім берілген күннен бастап немесе Төлем карточкасының әрекет мерзімі аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнде Карточкалық операцияларға төлейді.

### **4.3. Шарттың әрекет ету мерзімі**

- 4.3.1. Шарт Клиенттің Шартқа қосылған күннен бастап белгісіз мерзімге Тараптар үшін міндетті болып табылады.
- 4.3.2. Шарттың әрекеті осы Шартпен және ҚР заңнамасымен көзделген негіздерде және тәртіпте, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған шартта (олардың болуы Шартты тоқтатуға әкелетін жағдайлардан басқа) және ҚР заңнамасына сәйкес Шартты тоқтатуға болмайтын негіздерде Клиенттің Банкке ұсынған/жөнелткен өтініші бойынша оның бастамасымен тоқтатылады.
- 4.3.3. Клиент ҚР заңнамасымен көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуды талап етуге құқылы.
- 4.3.4. Банк бұл жөнінде Клиентке Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде хабарлаумен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Клиент осы Шартпен көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда Шарт Клиенттің Шарт бойынша өз міндеттемелерінің тиісті бөлігін толық орындағанға дейін әрекет етеді.
- 4.3.5. Шарт Клиенттің бастамасымен Шарт бойынша Банктің алдында берешегі жоқ және бұл жөнінде Банкке Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін кемінде 30 (отыз) жұмыс күні ішінде хабарлау шартында мерзімінен бұзуы мүмкін.
- 4.3.6. Банк Банктің [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) мекенжайындағы ресми сайтына ақпарат орналастыру жолымен Шартқа өзгертулер және/толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге құқылы. Тиісті өзгертулер және/толықтырулар туралы ақпарат Клиентке осындай өзгертулер және/толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін 14 (он төрт) жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.
- 4.3.7. Банктің өзгертулер және/толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарлаған сәтінен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгертулер және/толықтырулар есебімен Шарттың шарттарын қабылдау туралы Клиенттің өтінім ұсынбауы Клиентке Шарттың жаңа мазмұнмен (өзгертілген және/толықтырылған) хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап қолданысқа енгізілетін Шарттың және оған енгізілген өзгертулер және/толықтырулар есебімен қосылудың жаңа мазмұнымен (өзгертілген және/толықтырылған) келіскенін білдіреді.
- 4.3.8. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізгеннен кейін ол өзгертілген және/немесе толықтырылған түрде әрекетін жалғастырады.

#### **4.4. Дауларды шешу тәртібі**

- 4.4.1. Клиент Жалпы шарттармен, оның ішінде оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібімен, сондай-ақ Жалпы шарттарға және/немесе Тарифтерге өзгертулер мен толықтырулар туралы хабарламаның тәртібімен танысты және келісті.
- 4.4.2. Шарт орыс және қазақ тілдерінде 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалған. Орыс және қазақ тілдеріндегі Шарттың мәтіні арасында қайшылықтар болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие.
- 4.4.3. Шартпен реттелмеген мәселелер бөлігінде Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады. Шартты орындау барысында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен ізгілік пен өзара түсіністік негізінде шешіледі. Туындаған дауларды шешу мүмкін емес жағдайда олар ҚР заңнамасымен белгіленген сот тәртібінде шешіледі.
- 4.4.4. Банк Клиент/карточка Ұстаушы және Бенефициар арасындағы барлық дауларға, сондай-ақ Клиент пен карточка Ұстаушы арасындағы, қатысы жоқ болып қалады.
- 4.4.5. Тараптар дауды шешкен кезде дәлел ретіндегі электрондық тасымалдардағы операциялар туралы мәліметтерге келіседі.
- 4.4.6. Клиент пен үшінші тұлға арасындағы есеп айырысулар бойынша өзара наразылықтар Банктің қатысуынсыз тікелей өз араларында шешіледі.

#### **4.5. Құпиялылық**

- 4.5.1. Қосылу туралы Өтінімді бере тұрып, Клиент Шартпен көзделген банктік қызметті алу үшін, операциялар жүргізу үшін Банктің ҚР заңнама ережелеріне, оларда бекітілген ақпаратты ашу деңгейінің сақталу қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты ашуды талап етуіне құқылы екеніне келіседі, ал Клиент Банкке оның бірінші талабы бойынша Банкпен белгіленген мерзімде кез келген ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.
- 4.5.2. Қосылу туралы Өтінімді бере тұрып, Клиент төмендегі үшінші тұлғаларға Клиенттің қандай-да бір қосымша келісімінсіз құпия негізде, Шарт негізінде Банкке сөзсіз және шартсыз уәкілеттік береді:
  - 1) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің басқа үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде тергеу және/немесе алдын-ала тергеу органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары) және ҚР заңнамасымен белгіленген негіздер мен тәртіпте басқа тұлғаларға, немесе Клиенттің Банк алдындағы міндеттемесін бұзған жағдайда, немесе Клиент ҚР заңнама нормаларын бұзған жағдайда; Банктің Шарт бойынша өз құқығын беретін кез келген үшінші тұлғаға, - Клиентке және/немесе осы Шартқа және/немесе Банк пен Клиент арасында жасасылған басқа шарттар бойынша, оның ішінде ҚР заңнамасымен белгіленгендей банктік құпияны, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын, өз әрекетін тоқтатқан;
  - 2) Банктің, Банктің акционерлерінің және/немесе Банктің үлестес тұлғаларының алдында осындай үшінші тұлғаларға өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін ұсыну үшін төлем және/немесе ақша аударымын жүргізуге байланысты (оның ішінде банк-корреспонденттерге, төлем карточкаларына жүйелеріне және т.б.) талдау сауалнамасын жүргізуге, өзге қызмет көрсетуге, қоса, бірақ шектелместен, берешекті қайтару, кеңестік, құқықтық, аудиторлық және т.б. қызметтерді көрсету үшін Банк жалдаған немесе алдағы уақытта жалдайтын кез келген үшінші



тұлғаларға, Банктің акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына, сондай-ақ ҚР заңнамасының аясында өз функциясын жүзеге асыру сияқты,

- Клиентке және/немесе осы Шартқа және/немесе

Банк пен Клиент арасында жасасылған және/немесе үшінші тұлғалармен, оның ішінде ҚР заңнамасымен белгіленгендей банктік құпияны, сондай-ақ Банкке тиісті қызмет көрсетуге қажет және жеткілікті, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын, өз әрекетін тоқтатқан; Банктің акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына, сондай-ақ ҚР заңнамасының аясында өз функциясын жүзеге асыру сияқты (ҚР Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органдарына есептер/есептілік/ақпарат ұсыну, сондай-ақ осындай ақпарат/мәлімет ұсыну туындаған/қажеттілігі бар/міндетті) басқа да жағдайларда;

- 3) ҚР уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетел салық органдарына, оның ішінде АҚШ салық органдарына (Internal Revenue Service) және шетел салық агенттеріне, - Клиентке және/немесе осы Шартқа және/немесе Банк пен Клиент арасында жасасылған басқа шарттарға қатысы бар кез келген ақпаратты, оның ішінде, өз әрекетін тоқтатқан, ҚР заңнамасымен белгіленген банктік құпияны құрайтын, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының «Шетелдік шоттардың салық режимі туралы» Заңымен FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) белгіленген, сондай-ақ Ақпарат ұсынудың бірыңғай стандарты (CRS) бойынша қаржы шоттары туралы автоматты түрде ақпарат алмасу туралы құзырлы органдардың Көптаратты келісімінің талаптарына сәйкес;

- 4) мемлекеттік органдарға, оның ішінде Банкпен шарттар/келісімдер жасасқан заңды тұлғаларға.

Клиент осымен ҚР заңнамасы, Шартты және/немесе Банкпен басқа да мәмілелерді жасасу мақсатында және орындау аясында, оның ішінде Клиенттің олар бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындау, сондай-ақ Банк және/немесе Клиент арасында және/немесе үшінші тұлғалар арасында, оның ішінде Клиенттің және/немесе Банктің жағдайларына немесе қатынастарына, кез келген қатынастарына байланысты, қоса, бірақ шектелместен, банктік және өзге қызметтерді көрсетуге, оның ішінде оларды көрсету алдында және оларды көрсету барысында кез келген әрекеттерді/мәмілелерді (бағалау және/немесе сақтандыру бойынша (егер көзделсе) және т.б.) жасасу қатынастарымен, кез келген қатынастарды, Банкке Клиент туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, Клиенттің биометрикалық және/немесе басқа деректерін, жинауға, өңдеуге және таратуға өзінің сөзсіз және кері алынбайтын келісімін береді;

хабарлама, талаптар жөнелтуге, сондай-ақ ақпараттандыру, оның ішінде Банктің қызметтері туралы; кез келген мәліметтер мен ақпаратты сұрауға және алуға; талап құқығын беруге;

сондай-ақ Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі туындайтын/қажеттілігі бар басқа да жағдайларда автоматтандыруды қолданумен және онсыз, осы деректерді кредит бюросына беруге,

барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базаларының иелерінен/барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базаларының операторларынан, барлық мүмкін көздерді қоса, ол туралы кредит бюросынан ақпаратты алуға/ұсынуға құқылы басқа да ұйымдардан/мекемелерден кредит бюросы арқылы алынған ақпаратты Банктің ұсынуына және алуына;

барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базаларының иелеріне кредит бюросы немесе үшінші тұлғалар арқылы барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базаларынан ол туралы ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау» Заңына сәйкес осыған байланысты қажетті әрекеттерді шектеусіз жүргізуге.

Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Банктің қарауы бойынша ҚР заңнамасына қайшы емес тәсілдермен жүргізіледі; ҚР Үкіметінің шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес қолда бар және кредит бюросы арқылы оларға алдағы уақытта келіп түсетін ол туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету қызметін жүргізетін заңды тұлғаға ұсынуға.

#### **4.6. Шарттың өзге талаптары**

- 4.6.1. Шарт оның мәніне байланысты Тараптардың толық өзара түсіністігін білдіреді және Тараптар арасындағы Шарттың шарттарына қатысты алдыңғы барлық жазбаша немесе ауызша келісімдерді немесе уағдаластықтарды ауыстырады.
- 4.6.2. Шарт Тараптар, олардың құқық иегерлері мен уәкілетті өкілдері үшін міндетті болып табылады.
- 4.6.3. Егер Шарттың қандай-да бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамдылығына және заңдылығына ықпал етпейді. Бұл жағдайда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңды мағынадағы ережемен ауыстыруға бар күшін салады.
- 4.6.4. Қосылу туралы Өтінімге қол қоя отырып, Клиент төмендегілерді растайды:
  - 1) Шартты жасасу және орындау мақсатында Клиентпен ұсынылған барлық ақпарат шынайы, толық және дәл болып табылатынын/табылатын болатынын;
  - 2) Шарт жасасу тарабы Клиент болып табылатын кез келген шарттарға, оның ішінде Клиент сақтауға міндетті және қолданылатын кез келген басқа да талаптарды, оның ішінде ҚР заңнамасы және Клиенттің резиденттік елінің заңнамасын сақтауға міндетті, қайшы келмейді және қайшы келмейтін болады.
- 4.6.5. Клиент Банктің қылмыстық әрекеттерге қатысты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, лаңкестік, алаяқтық, жемқорлық сияқты ақшаның жылыстауы схемаларына қатысты жағдайларды болдырмау бойынша Банктің белсенді жұмыс істейтінін мойындайды және келіседі. Банктің жұмыс стандарттары Банктің атақ-беделін сақтап қалуға және қорғауға, сондай-ақ клиенттердің қандай жағдайда болмасын Банктің парасаттылығына деген сенімін жоғалтпауына бағытталған. Осыған байланысты Банк өз қарауы бойынша Банктің клиенттеріне және мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін Банктің клиенттерімен жүргізілетін мәмілерге, операцияларға нақты талаптарды белгілейді. Сөйтіп Банк Банктің сол немесе басқа Клиенті бойынша, Банк Клиентінің сол немесе басқа мәмілесі немесе операциясы бойынша әдеттен тыс/күдікті клиенттер және/немесе мәмілелер/операциялар санатына жатқызылатын критерийлерді белгілейді.
- 4.6.6. Клиент осымен Шарт бойынша болашақта Клиенттің Банкке берілген және беруге тиісті субъектілердің дербес және өзге мәліметтеріне қатысты, сондай-ақ ҚР заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған басқа да жағдайларда Клиент өзі ұсынған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, егер осындай беру ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған немесе шектелмеген болса, берілетін дербес деректерді тиісті шетел мемлекетінің қорғауын қамтамасыз етуіне

- қарамастан оларды Банктің жинауына және өңдеуіне Банкке дербес деректерді трансшекаралық беруге қатысты, субъектілерден алдын-ала келісім алғанын растайды.
- 4.6.7. Көрсетілген келісімдердің болмауына жауаптылық Клиентке жүктеледі. Банкке қандайда бір ҚР Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін шара қолданған жағдайда Клиент Банкке Банктің талабы бойынша Банкке келтірген кез келген шығындар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.
- 4.6.8. Банк осы Шартқа өзгертулерді ресми сайтта немесе басқа БАҚ орналастыру жолымен, сондай-ақ операциялық залдардың, бөлімшелердің стендтеріне осы Шарттың жаңа мәтінін немесе Шартқа өзгертулерді орналастырады.
- 4.6.9. Клиент осы Шарттың жаңа шарттарын толық көлемде қабылдайды; жаңа банктік өнімдерді тарту өтінімі бойынша Шартпен белгіленген жалпы негізде, тәртіпте жүргізіледі.
- 4.6.10. Банкпен және өнімдер/қызметтер бойынша бұрын Банкпен шарт жасасқан Клиенттердің қарым-қатынастары бұрын жасасылған шарттар бойынша жалғасады. Осындай Клиенттердің жаңа өнімдерді тартуы ортақ тәртіпте Банктің ресми сайтында орналасқан осы Шартқа қосылатын болады.
- 4.6.11. Банк бір тарапты тәртіпте осы Шартқа өзгертулерді ҚР заңнамасымен шектеу белгіленбеген өнімдерге/қызметтерге ғана енгізеді.
- 4.6.12. Клиент пен кез келген басқа қосылған Тарап Шарттағы өзгертулермен танысуға міндетті; Шарттағы жаңа енгізулерді білмеуі; Клиентті немесе кез келген қосылған Тарапты Шартты орындау міндеттемесінен және жауаптылығынан босатпайды. Сонымен қатар Банк қосылған Тарапқа ҚР заңнамасымен және осы Шартпен белгіленген (байланыс құралдарымен) өзгертулер туралы, жаңа өнімдер мен қызметтер туралы туралы хабарлауға бар күшін салады.
- 4.6.13. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес жауаптылық көтереді.
- 4.6.14. Тараптар, егер осындай орындамау/тиісті орындамау тойтарылмас күш жағдайларының туындауы салдарынан болып табылса, қоса, алайда шектелместен: уәкілетті мемлекеттік органдардың, бақылау органдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шектеу-тыйым салу сипатындағы актілерді/шараларды қабылдауы, бағдарламалық қамтамасыз етудегі іркілістер, электр қуатының ажырауы, байланыс желілерінің зақымдануы мен Тараптардың еркіне байланысты емес басқа да жағдайлар мен осы Шарттың мәніне тікелей қатысы бар себептер салдарынан болса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау/тиісті орындамау жағдайларына жауаптылық көтермейді.
- 4.6.15. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға ықпал ететін тойтарылмас күш жағдайлары туындаған жағдайда аталған жағдайлар пайда болған Тарап көрсетілген жағдайлар туындаған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде басқа Тарапқа хабарлауға міндетті. Кері жағдайда тойтарылмас күш жағдайлары туындаған Тарап олардың болуына және ұзақтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ. Осы Шартпен белгіленген жағдайларда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тойтарылмас күш жағдайларының әрекеті ішіндегі уақытқа шамалас ауыстырылады.
- 4.6.16. Банк Клиенттің анық емес, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтары және Банктен тәуелсіз өзге де себептер нәтижесінде туындайтын осы Шарттың міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Клиент алдында жауаптылық көтермейді.

#### 4.7. БАНКТИҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

**«Фридом Банк Қазақстан» АҚ**

050000, Алматы қ., Құрманғазы к., 61А

БСН 090740019001

Корреспонденттік шот

KZ23125KZT1001300883 (теңге)

ҚР ҰБ Алматы қ. РММ

БСК NBRKKZKX